«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры
_____ Ж.С.Бокен
«___» _____ 2024ж.

Педагогикалық әдеп бойынша кеңес жұмысының жоспары
2024-2025 оқу жылы

Жалпы мақсаттар:

Білім беру ұйымында педагогикалық әдеп қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету, қызметкерлердің моральдық және кәсіби мінез-құлық нормаларын ұстануын үйлестіру және педагогикалық ортадағы өзара сыйластық пен жауапкершілік мәдениетін нығайту.

Міндеттер:

1. Жаңадан келген педагогтер мен жас мамандардың ұжымға бейімделуіне қолайлы жағдай жасау, кәсіби және әдептік қолдау көрсету.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету, мәселелерді қарау және шешім қабылдау үдерістерін жүйелеу.
3. Педагогтердің білім алушылармен, ата-аналармен, қамқоршылармен және қоғамдастықпен кәсіби әрі әдепті қарым-қатынасын жетілдіру.

№1 міндет: Жаңадан келген педагогтер мен жас мамандардың ұжымға бейімделуіне қолайлы жағдай жасау

№	Қызмет/іс-әрекеттер	Жауаптылар	Орындау мерзімі	Көрсеткіштер/нәтижелері
1,1	Педагогикалық әдеп талаптарын оқу жылы басында жаңартып таныстыру және орындау барысын бақылау	Кеңес мүшелері	Қыркүйек	Таныстыру және бақылау материалдары
1.2	Жаңадан келген педагогтер мен жас мамандарға бейімделу кезеңінде әдістемелік және әдептік қолдау көрсету	Кеңес мүшелері	Қыркүйек–қазан	Қолдау жұмысының анықтамасы

1.3	Педагогикалық әдеп нормаларын тәжірибеде қолдану бойынша пікір алмасу ұйымдастыру	Кеңес мүшелері	Қазан	Пікір алмасу қорытындысы
1.4	Педагогтің киіну әдебі, сөйлеу мәдениеті және әріптестік қарым-қатынас нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмысын жалғастыру	Кеңес мүшелері	Қараша	Анықтама, ұсынымдар

№2 міндет: Шешім қабылдау үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету

№	Қызмет/іс-әрекеттер	Жауаптылар	Орындау мерзімі	Көрсеткіштер/нәтижелері
2.1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қабылдаған шешімдерінің орындалуын талдау	Кеңес төрайымы	Жыл бойы	Талдау анықтамасы
2.2	Педагогикалық ортадағы әдеп нормаларының сақталу деңгейіне кері байланыс жинақтау	Кеңес мүшелері	Ақпан	Кері байланыс қорытындысы
2.3	Кеңес отырыстарын жоспарға және қажеттілікке сәйкес өткізу	Кеңес төрайымы, мүшелері	Қажеттілігі не қарай	Хаттамалар

№3 міндет: Педагогтердің ата-аналармен, білім алушылармен және қоғамдастықпен кәсіби өзара қарым-қатынасын жетілдіру

№	Қызмет/іс-әрекеттер	Жауаптылар	Орындау мерзімі	Көрсеткіштер/нәтижелері
3.1	Педагогтердің ата-аналармен, білім алушылармен және қоғамдастықпен кәсіби өзара қарым-қатынасын жетілдіру	Кеңес мүшелері	Жыл бойы	Ақпараттық материалдар

	бойынша ақпараттық іс-шаралар өткізу			
3.2	Үш жылдық жұмыс нәтижесін қорытындылау, тиімді тәжірибелерді жинақтау және келесі кезеңге ұсыныстар әзірлеу	Кеңес төрайымы	Мамыр	Қорытынды есеп, ұсыныстар

Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің
«Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Әдеп кеңесі мен педагог-психологтың бірлесіп өткізген жиналысы
хаттамасы №1

09.09.2024ж. **Маңғыстау ауылы**

Қатысқандар:
Истлеу Гульминур Шамгунькызы, әдеп кеңесінің төрағасы;
Джайлханова Анар Нугаевна, педагог-психолог;
Туленова Майра Кумисбековна, Нурбаулова Турсын Аяпбергеновна
директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары;
Педагогтер саны - 135;
Қызметкерлер саны - 37.

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымдарындағы педагогикалық әдеп туралы;
2. Ұжымдағы психологиялық ахуал туралы;

Тыңдалды:

Педагог-психолог А.Н.Джайлханова: Педагогтардың мектептегі білім алушылармен қарым-қатынасын, педагог пен оқушы, ата-ана бірлесіп жұмыс істеуге психологиялық қолдау жұмыстарының жүргізіліп, баламен ашық сөйлесе алу, олардың мінез-құлқын, сабаққа деген қызығушылығының қандай деңгейде екенін және бала бойындағы қандай да бір жағдайдың орын алғанын анықтаудың жолдарын түсіндірді. Әрбір пән мұғалімі - педагог және психолог бола білу керектігін, кез келген келеңсіз жағдайлардың алдын алуға осы мектептің педагогтары мен кіші қызметкерлерінің де үлес қоса алатыны жөнінде айтты. Әрбір психологиялық қызмет мектептегі ахуалды қалыпқа келтіруге бағытталатынын және ол өзіміздің ішкі тәртібімізге байланысты екенін де айта кетті.

Тыңдалды:

Әдеп кеңесінің төрағасы Г.Ш.Истлеу: Педагогикалық әдеп кодексіндегі әрбір қызметкердің өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы ашып айтып, түсінік жұмыстарын жүргізді. Кез келген білім алу мен тәрбие берудегі ең зор үлес мектептің барлық ұжымына қатысты екенін айтты. Осы білім алу мен тәрбие берудегі ұжымның әрбір іс-әрекетке жауапкершіліксіз қараған кездегі орын алған жағдайлар тікелей ұжымның абыройына нұқсан келтірері сөзсіз, сондықтан балаға әр түрлі бағыттағы дөрекі сөздер айту,

оларды оқушы алдында сөгу немесе өзара ұжымдастар арасында кездесіп жатқан келеңсіз оқиғалардың барлығы белгілі бір мөлшерде шара қолдануға дейін баратын ескертті.

Сөйледі:

Педагог-психолог А.Н.Джайлханова: «Менің ортам-менің ұжымым» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізді.

Тренинг мақсаты: ұжымда психологиялық жағымды атмосфера қалыптастыру;

Шешім етті:

1. Педагогикалық ұжымның әр мүшесі педагогикалық әдепті ұстанып, кез келген келеңсіз жағдайды болдырмауға жұмыстансын.

2. Ұжымда жағымды психологиялық атмосфера қалыптастыру үшін педагог-психолог пен әдеп кеңесінің жұмысы одан әрі жандандырылысын.

Төраға **Г.Истлеу**

Хатшы **Ж.Аягутова**

ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

ХАТТАМА № 2

2024-2025 оқу жылы

Өткізілген күні: 25.09. 2024ж.

Өткізілген орны: мектептің мәжіліс/кеңес отырысы залы

Қатысты: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, педагогтер

Кеңес төрайымы: Истлеу Гульминур Шамгунькызы

Кеңес мүшелері – Лепесова Баян Нурахмедовна
Агадилова Гулбану Карджаубаевна
Нугманова Загипа Хасановна
Альжанова Алия Аманклычевна

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар: Туленова Майра Кумисбековна

Хатшы: Аягутова Жансая Ыбраевна

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жаңадан келген педагогтер мен жас мамандарға бейімделу кезеңінде әдістемелік және әдептік қолдау көрсету

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрайымы Истлеу Гулминур Шамгунькызы күн тәртібіндегі мәселенің мақсаты мен маңыздылығына тоқталып, жас және жаңадан келген педагогтердің ұжымға бейімделуі, кәсіби қарым-қатынас және әдептік қолдау мәселелері бойынша түсіндіру жұмысын жүргізді. Жас маманның ұжымға бейімделуі сабақ жоспарлаумен ғана шектелмейтіні, оған оқушымен, ата-анамен және әріптеспен кәсіби байланыс орнатуда да қолдау қажет екені айтылды. Алғашқы кезеңде кездесетін қиындықтарды ашық талқылауға мүмкіндік беру, сұрақ қоюдан қысылмайтын орта қалыптастыру және тәжірибелі педагогтің көмегіне жүгіну маңызды екені түсіндірілді.

СӨЙЛЕДІ:

Истлеу Гулминур Шамгунькызы – жас және жаңадан келген педагогтердің ұжымға бейімделуі, кәсіби қарым-қатынас және әдептік қолдау бойынша ұсыныстарын білдірді. Сонымен қатар жас мамандардың сұранысына сәйкес жеке кеңес пен тәжірибе алмасу кездесуін ұйымдастыруды ұсынды. Кері байланыста кемшілікті атаумен шектелмей, оны түзетудің нақты жолын бірге белгілеу қажеттігін жеткізді.

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасар Туленова Майра Кумисбековна – ұжымдағы қызметтік тәртіп, педагогикалық қарым-қатынас және тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды атап өтті. Жас мамандарға оқушымен және ата-анамен тілдесу, сыныптағы тәртіпті сақтау және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру кезінде практикалық көмек көрсету қажеттігін айтты. Тәжірибелі әріптестермен кеңесу, туындаған қиындықты уақытында жеткізу және кері байланыс арқылы жұмысты жетілдіру жолдарын ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын күнделікті қызметте сақтау және қызметтік міндеттерді жауапкершілікпен орындау.

2. Ұжым мүшелері арасында өзара сыйластыққа, кәсіби мәдениетке және әдепті қарым-қатынасқа басымдық беру.

Кеңес төрайымы: _____ Истлеу Гульминур Шамгунькызы

Кеңес мүшелері :_____Лепесова Баян Нурахмедовна

_____Агадилова Гулбану Карджаубаевна

_____ Нугманова Загипа Хасановна

_____Альжанова Алия Аманклычевна

Хатшы: _____ Аягутова Жансая Ыбраевна

ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

ХАТТАМА № 3

2024-2025 оқу жылы

Өткізілген күні: 28.10. 2024ж.

Өткізілген орны: мектептің мәжіліс/кеңес отырысы залы

Қатысты: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, педагогтер

Кеңес төрайымы: Истлеу Гульминур Шамгунькызы

Кеңес мүшелері – Лепесова Баян Нурахмедовна
Агадилова Гулбану Карджаубаевна
Нугманова Загипа Хасановна
Альжанова Алия Аманклычевна

Мектеп психологы: Смадияр Арайлым Асқарқызы

Хатшы: Аягутова Жансая Ыбраевна

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогикалық әдеп нормаларын тәжірибеде қолдану бойынша пікір алмасу ұйымдастыру

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрайымы Истлеу Гульминур Шамгунькызы күн тәртібіндегі мәселенің мақсаты мен маңыздылығына тоқталып, күнделікті кәсіби қызметте педагогикалық әдеп нормаларын қолдану тәжірибесі мәселелері бойынша түсіндіру жұмысын жүргізді. Кәсіби мәдениет педагогтің күнделікті сөйлесу мәнерінен, пікірталасқа қатысуынан және келіспеушілікті шешу тәсілінен байқалатыны айтылды. Оқушының қатесін келемеждемеу, әріптестің пікіріне құрметпен қарау, ата-анамен сөйлескенде нақты дерекке сүйену мәселелері түсіндірілді. Әдеп нормаларын тәжірибеде қолдану үшін күрделі жағдайды бірнеше тараптың көзқарасы тұрғысынан талдау ұсынылды.

СӨЙЛЕДІ:

Истлеу Гулминур Шамгунькызы – күнделікті кәсіби қызметте педагогикалық әдеп нормаларын қолдану тәжірибесі бойынша ұсыныстарын білдірді. Сонымен қатар тәжірибе алмасу кезінде қатысушылардың сөзін бөлмеу, бағалаушы пікірден бұрын нақтылау сұрағын қою және ұсынысты түсінікті жеткізу қағидаларын қолдануды ұсынды. Тиімді тәсілдерді қысқаша ұсыным ретінде жинақтаудың пайдалы екенін атап өтті.

Мектеп психологы Смадияр Арайлым Асқаркызы – педагогтердің өзара қарым-қатынасы мен кәсіби ортадағы психологиялық ахуалға қатысты пікірін білдірді. Пікір алмасу кезінде адамның жеке басына баға бермей, нақты жағдай мен әрекетті талқылау керектігін түсіндірді. Өзгенің сөзін бөлмеу, сезімін ескеру және келіспеушілікті сабырмен жеткізу дағдыларының маңызын атап өтті. Педагогтерге күрделі әңгіме барысында эмоциясын реттеу тәсілдерін қолдануды ұсынды.

Агадилова Гулбану Карджаубаевна – Педагогикалық әдеп нормаларын тәжірибеде дұрыс қолдану үшін нақты жағдайларды сабырмен талдап, әріптестердің пікіріне құрметпен қарау маңызды екенін атап өтті. Пікір алмасу барысында мәселенің мәніне назар аударып, өзара түсіністікпен әрекет етуді ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын күнделікті қызметте сақтау және қызметтік міндеттерді жауапкершілікпен орындау.

2. Ұжым мүшелері арасында өзара сыйластыққа, кәсіби мәдениетке және әдепті қарым-қатынасқа басымдық беру.

3. Қаралған мәселе бойынша түсіндіру және профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.

Кеңес төрайымы: _____ Истлеу Гульминур Шамгунькызы

Кеңес мүшелері :_____Лепесова Баян Нурахмедовна

_____Агадилова Гулбану Карджаубаевна

_____ Нугманова Загипа Хасановна

_____Альжанова Алия Аманклычевна

Хатшы: _____ Аягутова Жансая Ыбраевна

ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

ХАТТАМА № 4

2024-2025 оқу жылы

Өткізілген күні: 20.11. 2024 ж.

Өткізілген орны: мектептің мәжіліс/кеңес отырысы залы

Қатысты: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері, педагогтер

Кеңес төрайымы: Истлеу Гульминур Шамгунькызы

Кеңес мүшелері – Лепесова Баян Нурахмедовна
Агадилова Гулбану Карджаубаевна
Нугманова Загипа Хасановна
Альжанова Алия Аманклычевна

Хатшы: Аягутова Жансая Ыбраевна

КҮН ТӘРТІБІ

1. Педагогтің киіну әдебі, сөйлеу мәдениеті және әріптестік қарым-қатынас нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмысын жалғастыру

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес төрайымы Истлеу Гулминур Шамгунькызы күн тәртібіндегі мәселенің мақсаты мен маңыздылығына тоқталып, педагогтің киіну әдебі, сөйлеу мәдениеті, қызметтік қарым-қатынас мәдениеті мәселелері бойынша түсіндіру жұмысын жүргізді. Педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәнері және көпшілік ортадағы мінез-құлқы кәсіби қарым-қатынасқа әсер ететіні түсіндірілді. Киімнің ұқыпты, жұмыс жағдайына қолайлы болуы, сөздің түсінікті әрі сыпайы айтылуы және өзара сыйластықтың сақталуы қарастырылды. Сыртқы келбетке байланысты ескертуді адамның жеке басын кемсітуге немесе көпшілік алдында ыңғайсыз жағдайға қалдыруға айналдырмау қажеттігі айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Истлеу Гулминур Шамгунькызы – педагогтің киіну әдебі, сөйлеу мәдениеті, қызметтік қарым-қатынас мәдениеті бойынша ұсыныстарын білдірді. Сонымен қатар профилактикалық кеңесті құрметке негізделген әңгіме түрінде өткізуді ұсынды. Әдепті сөз үлгілерін талқылап, келіспеушілік кезінде педагогтің сабыр сақтауы мен өз ойын дәл жеткізуіне көмектесетін тәсілдерді жинақтау қажет екенін айтты.

Нугманова Загипа Хасановна – Педагогтің сыртқы келбеті мен сөйлеу мәдениеті оның кәсіби бейнесінің бір бөлігі екенін атап өтті. Жұмыс жағдайына сай ұқыпты киіну, әдепті сөйлеу және әріптестермен қарым-қатынаста мәдениеттілікті сақтау қажеттігін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын күнделікті қызметте сақтау және қызметтік міндеттерді жауапкершілікпен орындау.

2. Ұжым мүшелері арасында өзара сыйластыққа, кәсіби мәдениетке және әдепті қарым-қатынасқа басымдық беру.

Кеңес төрайымы: _____ Истлеу Гульминур Шамгунькызы

Кеңес мүшелері :_____Лепесова Баян Нурахмедовна

_____Агадилова Гулбану Карджаубаевна

_____ Нугманова Загипа Хасановна

_____Альжанова Алия Аманклычевна

Хатшы: _____ Аягутова Жансая Ыбраевна